

Заметим, что установленные нами неточности в формулировке права суда присяжных на рассмотрение данных вопросов позволяют предположить, что конструкции норм отражающих функции коллегии суда присяжных, скорее всего, фрагментарно заимствованы из внешнего источника, каким может быть уголовно-процессуальный кодекс Украины[8]. В этой связи, мы имеем дело с установленным нами внутренним противоречием регулирования объема прав коллегии присяжных в части функции назначения наказания. Что же касается диалога и дискуссии в части того обнимают ли собой функции коллегии присяжных такую задачу как определение наказания, то здесь следует подчеркнуть, что выраженная нами позиция однозначно указывает на это утверждение. Более того, скупость нормативно правового регулирования в этой части делает приведение комплекса норм о суде присяжных, в соответствие логикой наличия такой функции, простым и не требует расширенной аргументации.

Список литературы:

1. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан (с изменениями и дополнениями по состоянию на 12.07.2018 г.) Раздел 14 «Производство по делам с участием присяжных заседателей».
2. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан (с изменениями и дополнениями по состоянию на 12.07.2018 г.) ч.1 ст. 390 «Вопросы, разрешаемые судом при постановлении приговора».
3. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан (с изменениями и дополнениями по состоянию на 12.07.2018 г.) ч.1 ст. 654 «Содержание вопросов, подлежащих разрешению судом с участием присяжных заседателей».
4. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан (с изменениями и дополнениями по состоянию на 12.07.2018 г.) ч.1. пп.7,8 ст. 390 «Вопросы, разрешаемые судом при постановлении приговора»
5. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан (с изменениями и дополнениями по состоянию на 12.07.2018 г.) ч.1,3. ст. 648 «Компетенция суда с участием присяжных заседателей»
6. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан (с изменениями и дополнениями по состоянию на 12.07.2018 г.) ст. 657 «Виды решений, принимаемых судом с участием присяжных заседателей»
7. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан (с изменениями и дополнениями по состоянию на 12.07.2018 г.) ст. 659 «Прекращение рассмотрения уголовного дела в связи с установлением невменяемости подсудимого»
8. Уголовный процессуальный кодекс Украины от 13 апреля 2012 года № 4651-VI (с изменениями и дополнениями по состоянию на 12.07.2018 г.)

ТЕНДЕРЛІК ҚАТЫНАСТАРДЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Сиубаева Н.Ж., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушысы,

Сабырбек Ш.М., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, заң факультетінің 3 курс студенті

«Біздің ел өз тәуелсіздігін жариялап, Мемлекеттік егемендігі туралы ұлттық декларациясын қабылдаған сәттен бастап қауіпсіздікті қамтамасыз ету саясатын жүзеге асырып отыр. Осы жағдайларға сыбайлас жемқорлық қылмыстармен күреске бағытталған шаралардың теориялық және практикалық ерекше маңызы бар. Себебі сыбайлас жемқорлық қылмыстары ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіріп, еліміздің ары қарай өркендеп дамуына кедергі тигізері сөзсіз. Демек елімізде бүгінгі күні өзекті болып отырған сыбайлас жемқорлық қылмыстардың қоғамға қауіптілігін мемлекетіміздің ұлттық қауіпсіздігіне тікелей нұқсан келтіруімен көруімізге болады» [1, 11].

Рим құқығында «corruptio» сөзі «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, алдау, бұрмалау, параға сатып алу», сондай-ақ «құлдырау, бұзылғандық, нашар жағдай, (пікір немесе көзқарастың) құбылмалылығы» деген мағынаны білдіреді [2]. Сыбайлас жемқорлық ұғымының жалпыға танымал тұжырымдарымен қатар, латын термині «corruptio» екі түбірлі сөзден «cor» (жүрек, жан, рух, ақыл-ес) және «ruptum» (бүлдіру, бұзу) шығады деген пікір бар. Сондықтан сыбайлас жемқорлықтың мәні

лауазымды тұлғаны параға сатып алуда немесе оларды байытуда емес, ол әлеуметтік жүйені, оның ішінде мемлекеттік билік жүйесінің бірлігін бұзуда (ыдырату, іріп-шіру), мемлекеттің, азаматтардың заңды мүдделерін қоғамдағы өзінің жағдайын жеке мақсатына пайдакүнемдік арқылы сатып кетуде.

Қазіргі күнде осы мәселе көптеген мемлекеттерді алаңдатып отырғандығын 1991 жылы БҰҰ бұл қылмысты халықаралық қылмыс деп тануынан көруге болады.

Бүгінгі қоғамдағы сыбайлас жемқорлық – басқа саяси, экономикалық, мәдени әлеуметтік институттармен өзара тығыз байланысты әлеуметтік институт, басқару жүйесінің элементі. Сыбайлас жемқорлықтың институтқа айналуы мыналардан көрінеді:

1) Сыбайлас жемқорлықтың бірқатар әлеуметтік функцияларды атқаруы: әкімшілік байланыстардың жеңілдетілуі, басқарудағы шешім қабылдаудың жеделдетілуі мен жеңілдетілуі, әлеуметтік таптар мен топтар арасындағы қатынастардың консолидациялануы және қайта құрылымдануы, бюрократтық кедергілерді азайту арқылы экономикалық дамуға көмектесу; ресурстар тапшылығы жағдайында экономиканы тиімдендіру және т.б.

2) Сыбайлас жемқорлық қарым-қатынастарының жете айқындалған субъектілерінің болуы, әлеуметтік рөлдердің бөлінуі;

3) Сыбайлас жемқорлық әрекеттер субъектілеріне мәлім белгілі бір ойын ережелерінің, нормаларының болуы;

4) Сыбайлас жемқорлық әрекеттердің қалыптасқан сленгі (тілі) мен рәміздік белгілері;

5) Мүдделі адамдарға белгілі және орныққан қызметтер таксасы.

Жемқорлықтың жалпылама белгілері: лауазымды адамның өзінің немесе делдал арқылы пара берушінің немесе оның өкілі болған адамның пайдасына жасаған іс-әрекеті (әрекетсіздігі) үшін акша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлікке құқық немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде пара алу, туыстық, жерлестік, т.б. жақындықтарына байланысты қызметке ретсіз қабылдау және көтермелеу, сондай-ақ, мемлекеттік және қоғамдық мүліктерді талан-таражға салу. Мемлекетте жемқорлықтың бел алуы көлеңкелі экономиканың пайда болып, экономикалық өсу қарқынының тежелуіне және әлеуметтік, саяси шиеленістердің құрт асқинуына ұрындырады. Сонымен қатар жоғары лауазымды мемлекеттік қызметкерлер жаппай жемқорлыққа салынған жағдайда құқық қорғау органдары оларды жасаған қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершілікке тарта алмайтын жағдай қалыптасады. Жемқорлық жасалу түрлеріне қарап екіге бөлінеді: жекелеген лауазымды қызметкерлер жасаған қылмыстық іс-әрекет және бірнеше лауазымды қызметкерлер бірігіп жасаған қылмыстық іс-әрекет. 1989 жылы әлемнің дамыған 37 мемлекеті халықаралық бизнестегі жемқорлыққа қарсы күресу туралы конвенцияға қол қойды. Қазақстан осы конвенцияға қосыла отырып, 1998 жылы 2 шілдеде “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” Заң қабылдады». Бұл заң 2015 жылы 18 қарашада «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» деген атаумен жаңа редакцияда қабылданды. Осы заңда берілген түсінік бойынша «Сыбайлас жемқорлық дегеніміз жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу» [3]. Сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінің салдарынан материалдық және материалдық емес игіліктер заңсыз алынады, оның нәтижесінде қоғам мүдделеріне нұқсан келтіріледі және мемлекеттік биліктің беделі төмендейді.

«Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялап халықаралық құқық нормаларын негізге алып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы күреске бағытталған тиімді құқықтық шараларды әзірлеу және қолдану ниетін білдірген» [4].

«Transparency International ұйымының 2009 жылғы мәліметтеріне сүйенсек, сыбайлас жемқорлыққа әсер ету индексында басты орын алатын мемлекеттер көлеңкелі экономикада ең төменгі деңгейді көрсетті (10-20% жалпы ішкі өнім)» [10].

Егеменді тәуелсіз мемлекеттерде:

Қазақстан – 45%, 120 орын «ҚР Статистика жөніндегі агенттінің көрсеткіштері бойынша 21,3% құрайды».

Армения - 49,1%, 120-орын.

Беларусь – 49,8%, 139-орын.

Әзірбайжан – 63,3%, 143-орын.

Курайна - 55%, 146-орын.

Тәжікстан - 60%, 158-орын.

Қырғызстан - 42%, 162-орын.

Осыған байланысты СӘИ-ді жақсарту үшін көлеңкелі экономикаға қарсы күрес шараларын ұйымдастыру қажет. Қазіргі уақытта осы мәселеге байланысты Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің тапсырысы бойынша ЭМЖҚА 9 мемлекеттік және құқық қорғау органдарымен бірігіп жұмыс атқарады.

Сыбайлас жемқорлық көріністері үшін алғышарттардың бірі шенеуніктің азаматпен тікелей байланыста болуы болып табылады. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу рәсімі неғұрлым оңай және ашық болса, сыбайлас жемқорлықтың деңгейі де соншалықты төмен болады. Сол себепті қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды кең пайдалану да адам факторының ықпалын барынша азайтады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының басты орын алатын қатынастарының бірі тендерлік немесе мемлекеттік сатып алуға байланысты қатынастар болып отыр. «Тендер (ағылш. tender-ұсыныс) - тауарларды жеткізуге, қызметтер көрсетуге немесе құжаттамада алдын ала жарияланған шарттар бойынша жұмыстарды орындауға ұсыныстарды іріктеудің бәсекелестік нысаны. Келісімшарт ең жақсы талаптар ұсынған құжаттама талаптарына сәйкес келетін, ұсыныс берген қатысушы — тендердің жеңімпазымен жасалады. Аукциондардан айырмашылығы, тендерге қатысушылар бәсекелестер ұсынған шарттарға қол жеткізе алмайды» [5].

Мысалы ауылда мектеп салу үшін, облыстық білім беру басқармасы тендерді өткізеді. Бұл тендердің шарттарын қанағаттандыратын құрылыс саласында жұмыс істейтін компаниялар, тендерге қатыса алады.

Біздің елімізде тапсырыс берушінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды не жарғылық қызметін орындауына қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты қатынастар Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңында белгіленген тәртіп бойынша реттеледі. Заң мемлекеттік сатып алуға тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді тапсырыс берушілердің ақылы негізде сатып алуы деген түсінік береді [6].

Ресей Федерациясындағы "тендер" термині заңды түрде анықталмаған, сондықтан ресми құжаттарда қолданылмайды. Күнделікті сөйлеуде орыс терминдерінің аналогы ретінде конкурс немесе аукцион, сондай-ақ басқа да бәсекелестік процедуралар, мысалы, баға сұрау, ұсыныс сұрау болуы мүмкін. Ресей Федерациясындағы Сауда-саттық ашық және жабық болып бөлінеді, конкурс немесе аукцион нысанында бір немесе екі кезеңде өткізілуі мүмкін. Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде мемлекет мұқтажы үшін жүзеге асырылатын сауда-саттық тек бір кезеңде ғана өткізіледі. Мемлекеттік және муниципалдық тапсырыстарды орналастыру туралы заңнама сауда — саттық болып табылмайтын сатып алудың басқа да тәсілдерін көздейді — бұл баға белгілеуді сұрату, - бұл кезде келісімшарттың бастапқы (ең жоғарғы) бағасы бес жүз мың рубльден аспайды. Бұл ретте баға белгілеуді сұрату жолымен жүзеге асырылатын сатып алудың жылдық көлемі тапсырыс берушінің сатып алудың жылдық жиынтық көлемінің он пайызынан аспауы тиіс және жүз миллион рубльден аспауы тиіс [7].

Мәселен халықаралық тәжірибені зерттеп көретін болсақ оларда тендерлік қатынастардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарын алдын алу үшін көптеген әртүрлі шаралар қалыптастырылады. Ең алдымен сыбайлас жемқорлық қылмысы тоқтау үшін екі әлемге танымал кредо орын алуы тиіс. Біріншісі заңдылық қағидасының кез келген жағдайда үстемді болуы. Егер «Заңда бедел жоқ, заң беделділерге жұмыс істейді» деген жағдай орын алса сыбайлас жемқорлық тоқтамайды. Екіншіден билік пен бизнестің ара-жігін нақты ашу керек, яғни «кәсіпкер және лауазымды тұлға бір бетте» деген түсініктен арылуымыз керек. Әйтпесе лоббизм артып, бәсекелестік тоқтап қалады. Бәсекелестік жоқ жерде дамуда жоқ, демек «көп тұрған су сасиды ойламаған ми сасидының» кері болады.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманы бұзушылық ҚР Қылмыстық кодексінде көзделген сыбайлас жемқорлық сипатына және экономикалық сипатқа ие. Мемлекеттік сатып алудағы бұзушылықтарды толық қарастыру мақсатында ҚР Қылмыстық кодексінде көзделген қылмыстардың аталған санатына барынша толығырақ тоқталу керек. Осылайша, мемлекеттік сатып алу саласындағы экономикалық қылмыстарға мыналарды жатқызуға болады: Іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиіп-жөнелтілмей шот-фактура жазу бойынша әрекеттер жасау. Яғни мүліктік пайда алу мақсатында жеке кәсіпкерлік субъектісінің іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиіп-жөнелтілмей шот-фактура жазу бойынша әрекеттерді азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келтіріп жасауы – үш мың айлық

есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады (ҚР ҚК 216-бабының 1-тармағы). Заңсыз сыйақы алу. Яғни мемлекеттік органның не мемлекеттік ұйымның мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамы болып табылмайтын жұмыскерінің немесе оған теңестірілген адамның, сол сияқты мемлекеттік емес ұйымның басқару функцияларын орындамайтын жұмыскерінің өз міндеттері аясына кіретін жұмысты орындағаны немесе қызметтер көрсеткені үшін материалдық сыйақыны, жеңілдіктерді немесе мүліктік сипатта көрсетілетін қызметтерді заңсыз алуы – сексен айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жиырма тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады (ҚР ҚК 247-бабының 1-тармағы). Ескертпеге сәйкес егер сыйлықтың құны бес айлық есептік көрсеткіштен аспаса, осы баптың 1 бөлігінде көрсетілген адамның өзінің міндетіне кіретін жұмыстарды бұрын орындағаны немесе қызметтер көрсеткені үшін алдын ала келісім болмаған кезде сыйлық ретінде материалдық сыйақы, жеңілдік немесе мүліктік сипаттағы қызметті алуы маңызы аз болуына орай қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды және ол тәртіптік жауапқа тартылады.

Мәміле жасауға немесе оны жасаудан бас тартуға мәжбүрлеу. Яғни күш қолдану, бөтеннің мүлкін жою немесе бүлдіру, сол сияқты жәбірленушінің немесе оның жақындарының құқықтары мен мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін ақпараттарды тарату қатерін туғызып, мәміле жасауға немесе оны жасаудан бас тартуға мәжбүрлеу, қорқытып алу белгілері болмаған кезде – екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады (ҚР ҚК 248-бабының 1-тармағы). Мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарына мыналар жатады: Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану. Яғни мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген не оған теңестірілген адамның өздерінің қызметтік өкілеттіктерін өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында қызмет мүдделеріне қайшы пайдалануы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соқса – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады (ҚР ҚК 361-бабының 1-тармағы). Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану. Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану, яғни мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген не оған теңестірілген адамның өзінің құқықтары мен өкілеттіктерінің шегінен анық шығатын және азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соққан әрекеттер жасауы – үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады (ҚР ҚК 362-бабының 1-тармағы). Кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу. Яғни мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген не оған теңестірілген адамның не лауазымды адамның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын ұйым құруы не мұндай ұйымды басқаруға заңда белгіленген тыйым салуға қарамастан, жеке өзі немесе сенім білдірген адам арқылы қатысуы, егер бұл іс-әрекеттер мұндай ұйымға жеңілдіктер мен артықшылықтар беруге немесе өзге де нысандағы жақтаушылыққа байланысты болса – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не төрт жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады (ҚР ҚК 364-бабының 1-тармағы). Заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау. Яғни дара кәсіпкердің немесе ұйымдық-құқықтық нысанына немесе меншік нысанына қарамастан коммерциялық ұйымның құқықтары мен заңды мүдделерін шектеу, сол сияқты дара кәсіпкердің немесе коммерциялық ұйымның дербестігін шектеу не қызметіне өзгедей түрде заңсыз араласу, егер бұл іс-әрекеттерді мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік

берілген не оған теңестірілген адам не лауазымды адам өздерінің қызметтік өкілеттіктерін өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында қызмет мүдделеріне қайшы пайдаланып жасаса, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соқса – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. (ҚР ҚК 365-бабының 1-тармағы). Пара алу. Яғни мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген не оған теңестірілген адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның не лауазымды адамның, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамының пара берушінің немесе оның өкілі болған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал жасай алатын болса, сол сияқты жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі үшін өзіне немесе басқа адамдарға ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлік, мүлікке құқық немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде жеке өзі немесе делдал арқылы пара алуы – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жиырма еселенгеннен елу еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады (ҚР ҚК 366-бабының 1-тармағы) [8]. Осы баптың ескертпесіне сәйкес егер сыйлықтың құны екі айлық есептік көрсеткіштен аспаса, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамның бірінші рет сыйлық түрінде мүлікті, мүлікке құқықты немесе өзге де мүліктік пайданы алуы бұрын жасалған заңды әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін алдын ала келісім болмаған кезде маңызы аз болуына байланысты қылмыс болып табылмайды және тәртіптік немесе әкімшілік тәртіппен қудаланады. Жоғарыда аталған қылмыстарды жасаған жағдайда тұлға шынайы өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. ҚР ҚК 65-бабына сәйкес қылмыстық теріс қылық жасаған не алғаш рет қылмыс жасаған адам, кінәлі адамның жеке басы, айыбын мойындап келуі, қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға, тергеп-тексеруге ықпал еткені, қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірген зиянды қалпына келтіруі ескеріле отырып, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Сондай-ақ ҚР Қаржы министрлігі әзірлеген түзетулерге сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада сатып алу ережесін бұзғаны үшін әкімшілік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама арқылы квазимемлекеттік сектор қызметкерлерінің жауаптылығын белгілеу ұсынылып отырғанын назарға алған жөн.

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тендерді ең арзан баға берген компания жеңеді. Яки бір компания мектепті 100 миллион теңгеге сала аламыз десе, ал басқа компания осы мектепті 120 миллион теңгеге сала аламыз десе. Бірінші компания тендерді жеңеді.

Әлемдік тәжірибеге назар аударсақ тендерлер бойынша өткізілетін кейбір шет мемлекеттерінің тәжірибесін мысал ретінде негізге алуға болады. Мәселен Біріккен Араб Әмірліктерінің тәжірибесін негізге алып көрейік, «Олардың заңнамасы бойынша жол салу қызметін ұтып алған кәсіпкер компания шартқа қол қоймас бұрын мемлекетке жұмыс атқару жөнінде кепілдік төлемін салуы тиіс, әдетте кепілдік мөлшері шартын құнының 5-15% көлемінде төленеді» [9]. Одан кейін тендерді ұтып алған кәсіпкерлік компаниямен шарт жасалады. Осы көрсетілген Біріккен Араб Әмірліктерінің тәжірибесін біздің мемлекетімізде қолданған тиімді болары анық. Тендерлік қатынастарда осындай мызғымас жүйесін енгізу арқылы, осы саладағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарын болдыртпауға жол ашылады.

Мысал ретінде келесі мемлекеттер қатарына Қытай мемлекетін алуға болады. «Қытай мемлекетінің тендер өткізу тәжірибесіне қарасақ оларда тендерді жеңіп алған кәсіпкер егер шартта көрсетілген міндеттерді орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған болса 2 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге тендерлерге қатысу құқығынан және лицензиясынан айырылып мемлекетке салынған кепілі мемлекет меншігіне өтеді, сонымен қоса бұл кәсіпорынын өз міндеттерін дұрыс атқармағаны туралы мәліметтер бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа таратылады» [10]. Бұндай тендер өткізу сыбайлас жемқорлық қылмыстарының орын алуына тосқауыл болып, мемлекет қазынасына қол сұғуды болдыртпайды. Жоғарыда көрсетілген халықаралық тәжірибені біздің мемлекетімізде пайдаланылған орынды және тиімді болары анық, әрі сыбайлас жемқорлық қылмыстарын осы тендер өткізу саласында осындай халықаралық жүйені пайдалану арқасында біз

осы саладағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарының етек жаюына, мемлекет қазынасының талан таражға салуына және мемлекет бюджетінен ақшаның оңды-солды шашылуына тосқауыл қоямыз. «Кез келген үлкен капиталдың бастауында қылмыс жатыр» атақты К.Маркс айтқандай.

Мемлекеттік аппаратта сыбайлас жемқорлықтың деңгейін азайту үшін шенеуніктердің еңбекақысы мен әлеуметтік жеңілдіктерін мемлекеттің қаржылық мүмкіндіктерінің кеңеюіне қарай одан әрі кезең-кезеңмен жоғарылату жүргізіліп жатыр. Мемлекеттік қызметшілердің сатылмайтындығы және олардың қызметінің ашықтығы - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының табысты болуының негізі болып табылады. Біз жаһандық дамыған мемлекеттердің ондығына кіру үшін ең алдыменен осы сыбайлас жемқорлық қылмыстарын болдыртпауымыз керек. Өйткені кез келген қоғамды, ұлтты және мемлекетті тығырыққа тірейтін және артқа сүйрейтін осы сыбайлас жемқорлық қылмыстары. Біз басты мәселені, ол «парасыз қоғам – ұлт болашағы» екенін ұмытпауымыз керек.

Неғұрлым тиімді және пәрменді түрде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы күреске бағытталған шараларды нығайтуға тек қана мемлекет емес бүкіл қоғам болып атсалысу керек, Елбасымыз айтқандай біздің күшіміз бірлікте. Сол күшті тиімді пайдаланып сыбайлас жемқорлық қылмыстарын болдырмауға қазірден бастап бүкіл қоғам болып ат салысайық.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Онгарбаев Е.А. Классификация преступлений и ее правовое значение: Монография. – Караганда, 1996. – 148 с.
- 2 Большой юридический словарь. <http://slovar.cc/pravo>.
- 3 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs>
- 4 Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 8 нормативтік қаулысы.
- 5 Тендер дегеніміз не? <https://surak.baribar.kz/650567/>
- 6 Мемлекеттік сатып алу туралы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000434>
- 7 Единый официальный сайт госзакупок РФ <http://zakupki.gov.ru/>
- 8 Қазақстан Республикасының 2014 жыл 3 шілдедегі Қылмыстық кодексі. adilet.zan.kz/kaz/docs/
- 9 Тендеры в Дубае/ОАЭ© SORP - платформа для бизнеса в ОАЭ <http://sorp.ae/infotsentr/tendery-v-dubae-oae/>
- 10 Закон Китайской Народной Республики о проведении тендеров принятый на 11 сессии Постоянного комитета ВСНП 9-го созыва 30 августа 1999 г. и вступающий в силу с 01 января 2000 г. <http://online.zakon.kz/Document>

ИДЕАЛЬНЫЙ ОБРАЗ ПРИСЯЖНОГО ЗАСЕДАТЕЛЯ В СТРУКТУРЕ УГОЛОВНО-ПРОЦЕССУАЛЬНОГО ПРАВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

*Рахимгулова М.Б., докторант Phd 3 года обучения Карагандинского государственного университета
им. Е.А. Букетова
Преподаватель Карагандинского Экономического Университета Казпотребсоюза
Кафедра «Общеправовых и специальных дисциплин»*

Образ идеального присяжного заседателя является актуальным исследованием уже потому, что позволяет обнять своей сутью все составляющие характеристики нашего народонаселения, собственно народа, представителями которого являются присяжные.

Заметим, что сделать это даже теоретически весьма непросто ввиду многообразия характеристик составляющих кворум нашего народонаселения. Так, к примеру, обнять черты мусульманина, атеиста и христианина в одной личности просто никак нельзя. Поэтому под понятием «идеальный образ» мы понимаем еще и совокупность характеристик народонаселения отражающийся в составе коллегии присяжных. В таком ракурсе идеальный образ делится как бы на две составляющие одной из которых является образ конкретного физического присяжного, а второй образ, модель, коллегии присяжных. Такой идеальный унисон, даже в теоретической трактовке,